

ЭКОЛОГИЯ

УДК 631.45; 631.67

ҚАЗАҚСТАН ТОПЫРАҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЛАСТАНУЫ

С.Н.Досбергенов

Θ.Ο. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия гылыми – зерттеу институты. 050060, Алматы, Әл-Фараби д-ры, 75б, Қазақстан

Қазақстан топырақ жамылғысына қысқаша сипаттама берілген. Табиғи аймақтар топырактарында мырыш пен мыстың, бор мен кобалттың жалпы түрлерінің жоғары мөлшері тіркелген. Техногендік ластану нәтижесінде ауыр металдардың мөлшері арта түседі. Бұрынғы ядролық полигондарда стронций – 90, цезий – 137 қалдықтары қалған. Кейінгі жылдары автомобиль көлігінен шығатын ластандырғыш қалдықтар көбейіп барады

КІРІСПЕ

Қазақстан жер көлемі бойынша ірі мемлекеттер қатарындағы бірінші ондықта кіреді. Қазіргі таңда Қазақстанның бүкіл аймақтарында экологиялық тұрақсыздық оның барлық параметрлік көрсеткіштері бойынша қалыптасқан. Бұған негізінде өндірістердің тек шикізат қорын шығаруы мен ауылшаруашылығында монокультуралық дақылдардың орын алуы себеп болды. Біздің елімізде жан басына шаққанда 50 т шамасындағы шикізат өндіріледі [1]. Өндірілген заттардың 93-95 %-ы қоршаган ортаға өндірістік қалдық ретінде шығарылады. Республикада 20 млрд. тоннадан астам өндірістік қалдық үйінділері жинақталған. Олардың әрбір оннан бірі уытты болып келеді. Елімізде 300-ден астам қазба байлық түрлері өндіріледі. Солардың ішінде хром кенинің дунне жузілік қорының 30 %, марганец пен уранның 25 %, мыс пен темірдің 10 % жинақталған.

Республикамызда қауіпті деңгейде техногендік қорғасынмен ластану провинциялары тіркелінген. Стационарлық ақпараттардың деректеріне сүйенсек, өнеркәсіптік шығарылымдар адам басына шаққанда 250 кг-нан астам, ал автокөліктердің уытты ластаушылары 50 кг-нан келеді. Гидросфераға түсетін өндірістік және комуналды - тұрмыстық ақаба суларының көлемі 240 м³-тан асады.

Республика бойынша жаппай шөлейттеген үрдістері орын алуда. Олардың көлемі 179,9 млн. га немесе еліміздің 60 % алып жатыр [2]. Бұл топырақ құнарлығының төмендеуіне, қарқынды түрде тұздануына, табиғи және мәдени өсімдіктердің өнімділігінің

күрт төмендеуіне алып келеді. Табиғи орта түнеріп, өзен, көл сулашының ластануы артады. Топырақтың агроэкологиялық әлеуеті төмендейді.

Мекендеуші халықтардың экологиялық және экономикалық жағдайлары төмендеп нашарлайды. Топырақтың ауылшаруашылығы мен экономикаға тигізетін маңыздылығы өте зор. Топырақтың өнімділік қасиеті адамзаттың дамуына оз ықпалын тигізеді. Топырақсыз адамзат азықсыз қалады. Қазіргі кезеңде адамзат саны жыл сайын 100 млн/ға жуық есіп отыр. Ауылшаруашылығына керекті құнды топырақты жерлерге сұраныс жылдан-жылға артып келеді.

Қысқаша бұл проблеманың жерімізде таралуын айта келіп, оны білудің адамзат үшін маңызды екеніне тоқталу қажет

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қазақстан аумағында кең таралған топырақ түрлері тексерілген. Топырактағы химиялық элементтер жалпы қабылданған спектрографиялық әдіспен толық кескіні бойынша анықталған [3]. Химиялық элементтерді уыттылық дәрежесі бойынша жіктеу «Об утверждении экологических критериев оценки земель» КР үкімет қаулысы бойынша [4] әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүргізілген. Топырактағы ауыр металдарды анықтау Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігері 2.02.1997 ж. бекіткен «Инструкция по определению предельно допустимых концентраций тяжелых металлов в почвах» ШМК жөніндегі нұсқауы бойынша орындалды [5].

Ластанған топырактар деп ластағынш заттардың химиялық мөлшері берілген-

шекті мөлшерлі концентрациялардан асып кеткен жағдайда есептелінеді. Берілген шекті мөлшерлі концентрациялар мырыш үшін – 23, мыста – 3, қорғасында – 6, марганде – 1500, молибденде – 5, борда – 3, хромда - 0,05, фторда – 10, стронцида - 90,37 Бк/кг, незийде – 137370 Бк/кг.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстанның топырақ жамылғысы 235 млн.га жерді алғып жатыр. Еуразиялық материктің ортасында орналасқан бұл аумақ өзінің топырақ түзілу үдерістерінің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі химиялық, физикалық, су – физикалық қасиеттерімен және де құнарлылығымен ерекшеленеді. Республикада 93,7 млн. га жер түзданған және кебірленген. Деградация 24,1 млн. га аумақта байқалса, ал 4,8 млн. га жер эрозияға ұшыраған. Бұл жағдай негізінен күшті карбонатталған және жеңіл механикалық құрамдағы топырақтарда орын алған. Саздақты және сазбалышқты топырақтардың көлемі 140 млн. га жерді алғып жатса, ал құмдақ және құм топырақтар 52 млн. га жерге таралған [6]. Топырақ кескіні бойынша химиялық ластаушылардың таралуы мен жинақталуына топырақ түзүші жыныстардың шығу тегі мен қасиеттері, солардың ішінде ерекше майда шанды - тозақ бөлшектері, органикалық заттардың сандық-сапалық құрамы, сіңіру қабілеті, ылғалдылығы мен ортаның рН-ы әсер етеді. Сонымен қатар техногенездің қазіргі таңдағы факторлары – ауылшаруашылығы және өндірістік кәсіпорындарының, әскери - өндірістік кешендердің сынақ полигондарының ықпалы да айтарлықтай. Техногендік ландшафтта олардың табиғи биогеохимиялық тере – тенденциялары. Табиғи топырақтарға тән емес уытты химиялық қосылыстар жинақталады.

Топырақ жамылғысының Қазақстан аумағында орналасуының ерекшеліктеріне олардың айқын байқалатын колбеу ендігі мен тік беткейлі таулық аймақтары және сонда қалыптасатын кешендік жамылғысы жатады. Республиканың солтүстік шеткі аумактарына кіретін Солтүстік Қазақстан облысының 76 мың га жеріндегі қоңыржай ылғалды аймағында орманның сұр топырақтары, орманды дала аймағында сілтісізденген қара топырақтар мен шал-

ғынды қара топырақтар таралып жатыр. Бұл топырақтар лёсс тәрізді саздақтар мен сазбалышқты және құмдақты топырақтүзуші жыныстарда қалыптасады. Жылдық жауын – шашын мөлшері 300-350 мм, 10°C – дан жоғары тиімді температура жиынтығы 1950 - 2200°C. Қарашірінді горизонтының қалыңдығы 50-60 см-ге дейін жетеді. Кальций гуматы құрамындағы қарашірінді мөлшері 3-4 %-дан 6-7 %-ға дейін, ал сіңірілу сыйымдышы 100 г топыраққа шаққанда 20-25-тен 30-40 мг/экв дейін көтеріледі. Топырақтың pH ортасы бейтараптан әлсіз қышқылдануга дейін өзгереді. Бұл топырақтарда үзак жылдар бойы дәнді дакылдар егіліп келеді. Соңдықтан олар минералдық тыңайтыштарды қалыптантыс қолданудан және осімдіктердің қорғауға қолданылатын дәрілер мен препараттар - дефолианттармен lastanуда.

Қоңыржай – қуаңды дала аймағында кәдімгі және оңтүстік қара топырақтар қалыптасқан және 25,3 млн. га жерге таралған. Осы топырақтар Ақмола, Павлодар, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан және ішінәра Қарағанды облыстарында орналасқан. Топырақ Сібірдің салқын климат жағдайындағы су режимінің шайылымсыз түрінде қалыптасады. Жауын – шашының жылдық мөлшері 300-320 мм және деңгейлігі жаз айларында түседі. 10°C-дан жоғары температуралар жиынтығы 2100-2200°C. Қуаңшылық төрт жылда бір рет қайталанып отырады. Лёсс тәрізді саздақтар мен сазбалышқтан тұратын карбонатты топырақтүзуші жыныстар кең таралған. Олар құрамына каолинит, хлорит және гидрослюда кіретін шанды тозақ мен сазбалышқа бай. Қарашірінді қабатының қалыңдығы оңтүстік қара топырақтарда 40-50 см-ден бастап кәдімгі қара топырақтарда 60-80 см дейін ауытқиды. Гумат – фульват құрамды қарашірінді мөлшері 5-6 –дан 6,7-7,9 % дейін, сіңіру сыйымдылығы 100 г топыраққа шаққанда 20-30 –дан 30-40 мг/экв дейін, ал топырақ ерітіндісінің реакциясы бейтараптылықтан әлсіз сілтілікке дейін өзгереді. Егін шаруашылығына жарамды 16,8 млн. га қара топырақтар-

соранды - жусанды селдір өсімдіктер өскен сортандар мен тақырлар таралған. Жауын - шашын мөлшері 120-180 мм, 10°C – дан жоғары тиімді температуралар жыныстыры 2800-4000°C. Шөл аймақтарындағы топырақтүзілу жағдайларына топырақ түзуші жыныстардың күралу тегі мен литологиясы ықпал етеді. Олардың құрамындағы сазбалышықтардың мөлшері шамалы, ал оның есесінде гидрослюда, каолинит, пальгорскит пен монтмориллонит араласқан хлорит сияқты минералдар тобы басым келеді. Топырақтардың ластануы көпшілігінде техногендік сипатта таралған. Бұл пайдалы қазбалардың көне орнын игеруге немесе әскери - өндірістік кешендердің сынақ полигондарына (Каспий бойы, Бетпақдала, Сарышаган және т.б.) байланысты.

Бұл топырақтарындағы қарашірінді қабаты 20-30 см, фульват құрамды қарашіріндісі 0,6-1,6 %-ды құрайды. 100 г топырақтағы сініру сыйымдылығы 5-15 мг/экв, сілтілі, карбонатты, жеңіл ерігіш хлоридтермен, сульфаттармен және сілтілермен түзденған шөл аймағының басым бөлігі Жайық, Сырдария, Шу, Талас, Іле, Қаратал және т.б. өзендердің аңгарлындағы суармалы жерлердің оазистерімен қоса маусымдық, жайылым ретінде пайдаланылады. Каспий бойы ойпаты мен Маңғыстау – Үстірт жондарында бор мен мұнай-химиялық ластанудың биогеохимиялық провинциялары қалыптасқан. Сырдария, Шу, Талас өзендерінің аңгарларындағы суармалы алқаптарда фтор мен қорғасынның, ал Арыс, Туркістан және Шәуілдір суармалы алқаптарында қорғасын мен мырыштың жоғары мөлшері тіркелінген. Бетпақдала жондары мен Солтүстік Балқаш бойындағы ғарыштық және зымырандық полигондар аумағы айтарлықтай ластанған.

Тяньшань мен Саяыр – Тарбағатай және Алтай таулы аймақтары жалпы алғанда 37 млн. га, яғни Республика аумағының 14 % алып жатыр. Тік белдеулік аймақтар және олардың таралуы мен биіктік шекаралары әралуан тау жүйелерінің географиялық жағдайларына және тау жүйесінің құрылымы мен абсолюттік биіктігіне байланысты өзгөреді. Алтай аймағы өзінің курделі тау рельефімен, салқын температуралық фонімен және тік аймақтық топырақ құрылымының онтүстік сібір типі бойынша ерекшеленеді.

Мұнда таулы – тундралық, таулы – тайгалиқ және таулы – далалықтан бастап шөлді – далалы ашық қоңыр топырақтан боз топыраққа дейінгі топырақ түрлері орналасқан.

Солтүстік – Тяньшань таулы аймағы өзінің биік таулы, күшті бұзылған орташа жер бедерімен және тау етегілік жағдайларымен сипатталады. Мұнда Жетісу типіндегі қоңыржай температура аясында биік белдеуде. Бұларға альпы және субальпы топырақтары, таулы – орманды қоңыр түсті және қаралопырақ тәрізді топырақтар, таулы – далалық қара топырақтар мен күңгірт қарақоңыр топырақтар, тау етегіндегі ашық қарақоңыр топырақтар, шөлді – далалы және шөлді боз топырақтар мен сүр топырақтар таралған.

Батыс – Тяньшань таулы аймағы өзінің жоғарғы температуралық фонімен, яғни, ұзак мерзімді күздік күрғақ кезеңімен және жауын-шашынның қыстық – көктемдік максимумымен ерекшеленеді. Топырақ аймақтарындаң тік белдеулік тұран және орта азиялық типтерінде биік таулы альпы және субальпы, таулық және тауегілік қоңыр және сүр – қоңыр топырақтар мен сүр топырақтар қалыптасады.

Таулы аймақтардың топырақтары көпнілігінде жұқа қабатты, нашар дамыған, майда тасты және әртүрлі дәрежеде эрозияға ұшырап техногендік ластанған. Қазіргі таңдағы экологиялық жағдайына келсек, ластану үрдістері өршіп, антропогендік шөлейттениуі қарқынды дамуда.

Алтай таулы аймағы әралуан кен орындарының бай қорымен ерекшеленген. Өндірістің негізгі бағыты шикізаттық болғандықтан жыл сайын 13 млн. т кен ондіріледі. Бұлардың 90 %-ы қалдықтар қоймасына жинақталады. Табиғи органды ластаушылар ретінде түсті металлургиялық кәсін орындар (титан – магний, қорғасын – мырыш және басқалар) мен тау – кен байыту өндірістері жатады. Басым ластаушы элементтер қатарына мырыш (3 ШМК), мыс (1,8 ШМК), қорғасын (3,3 ШМК), кадмий (1,8 ШМК), никель (6,7 ШМК) және т.б. кіреді [10].

Солтүстік – Тяньшань таулы аймағындағы Текелі тау – кен комбинаты мен Алматы қаласының топырақтары сынаппен, күкіртпен, қорғасынмен және т.б. күшті лас-

танған. Иле өзенінің төменгі ағысындағы Ақдала суармалы алқабында бормен (3,2 ШМК), фтормен (1,4 ШМК), қорғасынмен (2 ШМК), мыс және кадмиймен (2 ШМК) ластанған топырақтардың аумақтары анықталған.

Батыс – Тяньшань таулы аймағының топырақтарында мыстың (79,5 мг/кг), мырыштың (43,7 мг/кг) және кобальттың (7,7 мг/кг) жоғарғы мөлшері тіркелінген. Қаратая – Жамбыл өндірістік кешенді аудандарында және Шу, Талас, Асы өзендерінің аңғарында фтордың (17-30 мг/кг) жоғарғы мөлшері тіркелінген. Бұл ластанғыштар фосфор өндірісіндегі кәсіпорындардың химиялық эмиссиясы мен минералдық және химиялық мелиоранттарды ғылыми нұсқауларды бұза отырып, егіс даласында тиімсіз пайдаланудан шығады [8].

Республиканың топырақ жамылғысына түсетін техногендік салмақ жыл санап арта түсүде. Топырақтың бұл қысымға деген тұрақсыздық жағдайында табиги – шикізатты және жер – су қорларын тиімсіз пайдалану сөзсіз қоршаған органдың ластануы мен шолейттенуіне әкелін соғады. Қазіргі таңдағы табиғи қорларды пайдалану көшілігінде тұтыну сипатында. Бұл олардың салдарын есепке алмастан тек қана барынша коп шаруашылықтың кіріс табуга бағытталған. Бұл табиги қордың түгесілүіне, кең көлемде ластануына және экожүйенің бүлінуіне алып келеді. Осыған байланысты Солтүстік Қазақстанның егістік топырақтары көшілігінде ауылшаруашылығын химизациялау құралдарын (минералды тыңайтқыштар, т. б.) ластанған. Егіс алқабында қараширіндінің азаоюы, ал өндірістік кәсіпорындар аумағында техногенді химиялық ластану аумақтары орын алған.

Батыс Қазақстанда мұнай-ғаз өндірісінің қарқынды дамуынан топырақ мұнай мен оның өнімдерімен химиялық ластануып, сарқынды сулармен тұздануда. Топырақ көмір, азот және күкірт диоксидтерімен, күкіртті сутегімен, фенол, аммиак және әртүрлі канцерогенді ауыр металдар, минералды тұздармен (хлоридтер, сульфаттар, мен бор және т.б.) уланған. Топырақтағы қорғасын ШМК -дан 1,6; молибден 7-12, кобальт 2,3 есе жоғары. Каспий өнірінің теңіз жағасындағы және Жайық озенінің қазіргі және көне атырабында бормен лас-

танған топырақтардың кең көлемді ареалдары пайда болған. Мұндағы бордың мөлшері 18,6-171 мг/кг дейін ауытқиды, яғни орташа көрсеткіштен (10мг/кг) 2-17 есе артық. Бұл өнірдегі жағдай бұрынғы әскери - өндірістік кешендер мен Азғыр, Лира, Тайсойған) полигондар аумақтарының радиоактивтік ластануынан курделене түседі. Мұндағы топырақты басым ластағыштар: стронций – 90, цезий 137, плутоний – 239, -240, зымырандық жанармай (гептил, меланж) және әртүрлі үйтты химиялық заттар (қорғасын, мыс, мырыш, хром және т.б.).

Зерттеушілердің көрсетуіне қарағанда Нарын құмындағы цезийдің концентрациясы ШМК –дан 137 есе, кадмий 80 - 120, стронций – 150, қорғасын – 80 есе жоғары болған. Жем – Сағыз алабындағы сынақтан соң жинақталған үйттылығы жоғары зымыран жанармайы гептил (нитрозодиметиламин) токсиканттардың бірінші кластық қауінтілігіне жатады. Зымыран жанармайының қалдығы қышқыл жауын тұгызып 50 %-ға дейін өсімдіктер биомасын жояды.

Орталық Қазақстанның өндірістік аудандарында топырақтың кең көлемде ластануы орын алған. Бұл негізінде темір, мыс, көмір және т.б. өндіру және өңдеу кең орындарында кең таралған. Көп жерлер ауыр металдармен, радиоактивтік элементтермен, зымыранды – гарыштық қоқыстармен ластанған. Бұрынғы Семей ядролық полигондарының кейбір жеке алынған аудандарындағы (Дегелен және т.б.) топырақтардың барынша радиациялық фоны берілген шекті мөлшерден 181 есе асып түседі. Топырақтың ластануының қарқынды түрі Балқаш оңірде, Мұғаджар жонымен Жайық бойының аумағында орын алған. Оңтүстік Қазақстанның суармалы жерлері бормен, фтормен, қорғасынмен, мыспен, пестицидтермен және нитраттармен күшті ластанған [11].

ҚОРЫТЫНДЫ

Республиканың топырақ жамылғысына түсетін техногендік салмақ жыл санап арта түсүде. Топырақтың бұл қысымға деген тұрақсыздық жағдайында табиги – шикізатты және жер – су қорларын тиімсіз пайдалану сөзсіз қоршаған органдың ластануы мен шолейттенуіне әкеліп соғады. Осыған

байланысты Солтүстік Қазақстанның егістік топырақтары көшілігінде ауылшаруаптылығын химизациялау құралдарынан (минералды тыңайтқыштар, пестицидтер т.б.) ластанған. Үстірт жондарында бор мен мунай-химиялық ластанудың биогеохимиялық провинциялары қалыптасқан.

Бұрынғы әскери-өндірістік кешендер мен (Азғыр, Лира, Тайсойған) полигондардың аумағы аумағы радиоактивтік ластанған. Мұндағы топырақтарды басым ластағыштар: стронций-90, незий-137, плутоний-239, -240, зымырандық жанармай (гептил, меланж) және әртүрлі химиялық заттар (қорғасын, мыс, мырыш, хром және т.б.). Нарын құмында ңезийдің концентрациясы ШМК-дан 137 есе, кадмий 80 – 120, стронций – 150, қорғасын – 80 есе жоғары болған.

Орталық Қазақстанның ондірістік аудандарындағы топырақтар ауыр металдармен, радиоактивтік элементтермен, зымыранды - ғарыштық қоқыстармен ластанған. Бұрынғы Семей ядролық полигондарының радиациялық фонды берілген шекті

мөлшерден 181 есе асып түседі. Оңтүстік Қазақстанның суармалы жерлері бормен, фтормен, қорғасынмен, мыспеи, пестицидтермен және нитраттармен күшті ластанған.

Таулы аймақтардың топырақтарын ластаушыларға түсті металлургиялық кәсіпорындар (титан – магний, қорғасын – мырыш және т.б.) мен тау-кен байыту өндірістері жатады. Солтүстік Тянь-шань таулы аймағындағы Текелі тау – кен комбинаты мен Алматы қаласының топырақтары сынаппен, күкіртпен, қорғасынмен және т.б. элементтермен күшті ластанған. Қаратая – Жамбыл ондірістік кешенді аудандарында және Шу, Талас, Асы озендерінің аңғарында фтордың (17-30 мг/кг) жоғарғы мөлшері анықталған.

Республиканың топырақ жамылғысы кейінгі жылдары автокөліктегің шығарым қалдықтарымен ластануда. Автокөліктер топырақты көмір, күкірт және азот тотықтарымен, фенол, қорғасын және т.б. заттармен ластауда. Бұлар топыраққа оңай сіңіріліп тірі ағзалардың ферментативтік белсенділігін төмендетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Василенко В.Н. Без соблюдения экологических приоритетов невозможно возрождение и устойчивое развитие Казахстана // Ноосфера. 1996. N. 1 C. 334-335.
2. Керемкулов В.А. Экологические проблемы Казахстана // Экология и устойчивое развитие: Матер. Междунар. науч. практик. конф. Т.1. Петропавловск. 1998. С. 5-7.
3. Грабаров П.Г. Элементы минерального питания и методы химического контроля почв Казахстана // Автореф. докт. дисс. Алматы. 1973. 59 с.
4. Постановление РК «Об утверждении экологических критериев оценки земель». Астана. 2007.
5. «Инструкция по определению предельно допустимых концентрации тяжелых металлов в почвах», утвержденной Главным санитарным врачом РК от 2.02.1997 г.
6. Фаизов К.Ш., Уразалиев Р.А., Иорғанский А.И. Почвы Республики Казахстан – Алматы. Айлерон. 2001. 327 с.
7. Харитонова А.Ф. Микроэлементы (Cu, Zn, Mn, Co, Mo, В) в основных почвах Северо - Казахстанской области и эффективность микроудобрений // Автореф. канд. дисс. Алматы. 1970. 23 с.
8. Салтыбаев А. Д. Геохимические особенности системы «атмосферный воздух – почва – грунтовая вода - растения» в условиях промышленного загрязнения г. Павлодара // Автореф. канд. дисс. Алматы. 1995. 22 с.
9. Панин М.С. Эколого – биогеохимическая оценка техногенных ландшафтов Восточно-го Казахстана. Алматы. 2000. 388 с.
10. Томина Т.К. Техногенное загрязнение фторидами сероземов Жамбылской области // Автореф. канд. дисс. Алматы. 1995. 26 с.
11. Султанбаева У.М. Содержание микроэлементов (Cu, Zn, Mn, Co, Mo, В) в почвах, кор-мах, водоисточниках Чимкентской области и эффективность микроудобрений // Автореф. канд. дисс. Алматы. 1971. 31 с.

Резюме

Дана краткая характеристика почвенного покрова Казахстана. Отмечено повышенное содержание в почвах природных зон валовых форм цинка, меди, бора, кобальта. В промышленных районах широко распространены техногенные загрязнения. На бывших полигонах ядерных и ракетных испытаний преобладающими загрязнителями являются стронций – 90, цезий 137, плутоний 239 и 240.

Summary

Consider first the regional or local processes of pollution. High contents of zinc, cuprum, boron, cobalt was found in soils of natural zone. The technological pollution widespread in industrial districts. Desertification begins the moment when the degree and rate of anthropogenic influence on arid lands exceeds the reproducing ability of landscapes. To avoid the unfavorable effects of man on the unstable arid ecosystems it is necessary to elaborate the effective measures of planned and scientific approach towards rational and proper technological exploitation of arid land natural resources.